



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ

**БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ
ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ**

Құрметті балалар!

Сіздерді экологиялық жобаның екінші кезеңіне –

Менің жасыл планетам

атты балалар сурет байқауына қатысуға шақырамыз!



Байқау ҚР Президентінің қамқорлығы аясында,
ҚР Бала құқықтары жөніндегі Уәкілдің бастамасымен,
БҰҰ қоршаған ортаны қорғау бағдарламасының қолдауымен
Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күнін атап өту аясында,
ҚР Білім және ғылым министрлігінің және
ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен,
«Балалар Әлемді Бейнелейді» Қоғамдық Қорының қатысуымен
ұйымдастырылады.



**ВСЕМИРНЫЙ
ДЕНЬ ОКРУЖАЮЩЕЙ
СРЕДЫ**

ООН 
программа по
окружающей среде



«МЕНИҢ ЖАСЫЛ ПЛАНЕТАМ»

Жалпы ережелер:

Қоғамға білім беру – мемлекеттің маңызды міндеті. Гуманизм мен мейірімділік балалық шақтан қалыптасатын аса маңызды адами құндылықтар. Қоршаған әлемге қамқорлық танытуға тәрбиелеу - балалардың бойында қайырымдылық пен мейірімділік сияқты әлеуметтік маңызды қасиеттерді қалыптастырады.

Балалар да, ересектер де өсімдіктер әлемі жердегі барлық тіршіліктің, экожүйенің қызметі мен азық-түлік қауіпсіздігінің негіздерінің бірі болып табылатынын және жердегі тіршілікті қамтамасыз етуде шешуші рөл атқаратындығын білуі керек. Топырақ пен жердің ластануына ғана емес, сонымен қатар, ауа мен судың ластануы сияқты экологиялық проблемалар мен оларды шешу жолдарына назар аудару қажет.

Қоқыстар мен қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу – бүгінгі күннің өткір мәселесі. Экологиялық әдеттерді жас ұрпақтың бойына бала кезден сіңіру өте маңызды. Олар эко-ізді азайту үшін экологиялық және қалдықсыз өмір салтына ұмтылуы қажет.

Балалардың бойына «ересек» әлеммен қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру, қол жетімді құралдармен өз құқықтарын, мүмкіндіктері мен міндеттерін іске асыруға тиімді қатыстыру, оларды осы проблемалар мен міндеттердің маңыздылығы туралы ойлауға ынталандыру өте маңызды.

«Менің жасыл планетам» бала суреттер байқауы жас ұрпақты экологияның маңызды мәселелерін шешуге және табиғатты құрметтеуге, сонымен қатар, экология мен қоршаған ортаны қорғауға байланысты маңызды мәселелерді шешу кезінде ересектерді балалардың пікіріне құлақ асуға шақыру мақсатында өткізіледі.

Біз өскелең ұрпаққа таза планета қалдыруымыз керек. Ғаламшарымыздың биоалуантүрлілігін қорғаудың өмірлік қажеттілігін айқын сезіндіріп, оларды Жердің барлық ресурстарына құрметпен қарауға үйрету қажет.

«Менің жасыл планетам» Бүкілқазақстандық бала суреттері байқауы Қазақстанның 2030 жылға дейін арналған тұрақты даму мақсаттарының күн тәртібін жүзеге асырып, өскелең ұрпақ арасында ТДМ насихаттауға, сонымен қатар, қоршаған ортаға қамқорлық танытудың маңыздылығын түсіндіруге бағытталған жұмысты дұрыс жүргізу мақсатында ұйымдастырылып отыр.

Байқаудың мақсаттары мен міндеттері:

- ҚР балалар мен жастардың назарын ғаламдық және ұлттық маңызы бар экологиялық проблемаларға, оның ішінде сирек кездесетін өсімдік түрлерінің азаюы мен жойылуына әкелетін проблемаларға аудару.
- Жас ұрпақты табиғатты сүюге, аялауға және құрметтеуге баулу
- ҚР жас буыны арасында қоршаған ортаны қорғауға, сондай-ақ биоалуантүрлілікті сақтауға бағытталған құндылық бағдары мен белсенді ұстанымын қалыптастыру.
- Туған еліндегі мәселелерді шешуде өз дауысын қоса алатынын сезіндіру
- БҰҰ ТДМ-ге қол жеткізу әлеуетін арттыру жолында балаларды араластыру. Бұл жаңа ұрпақ өмір сүретін нәтижеге жетуге үлес қосу.
- Әлемдегі экологиялық жағдайды жақсартудың шығармашылық шешімдерін табу.

Байқауға қатысушылар:

- Қазақстан Республикасының 6 мен 17 жас аралығындағы балалары, жасөспірімдері мен жастары

Байқаудың тақырыбы:

- Өсімдіктер - құстар мен жануарлардың тіршілігі
- Өсімдіктер адамды аштықтан құтқарады
- Сирек кездесетін өсімдік түрлерінің жойылуы
- Таза су – балықтар мен жануарлардың үйі
- Өнеркәсіптік ластану
- Пластикпен күрес!
- Қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу
- Экологиялық өмір салты
- Жасыл экономика
- Жасыл қалалар

Жұмыстарды бағалау өлшемдері:

- Орындалу деңгейі
- Мәселенің өзектілігі мен маңыздылығы
- Байқаудың тақырыптарына сәйкестігі
- Тәжірибелік бағыт
- Өзіндік ерекшелігі

Байқауға ұсынылған жұмыстарды бағалау үшін ұйымдастыру комитеті құрамына байқауды ұйымдастырушылар мен белгілі өнер және мәдениет қайраткерлері енген қазылар алқасын бекітеді.



Ұйымдастыру, өткізу мерзімі мен тәртібі:

- Конкурс туралы хабарлау – 2020 жылдың 1 қыркүйегінен бастап.
- Жұмыстарды жинау – 2020 жылдың 1 қазанынан 31 желтоқсанына дейін.
- Қазылар алқасының жұмысы мен нәтижелерін шығару – 10 қаңтар 2021 ж.
- Жеңімпаздарды жариялау, марапаттау – 2021 жылдың 20 қаңтарына дейін.
- Барлық қатысушыға электронды сертификаттар жіберу – 2021 жылдың 31 қаңтарына дейін.
- Жеңімпаздардың жұмыстарын ҚР қалаларындағы билбордтарға орналастыру – ақпан-наурыз 2021 жыл.
- Венадағы көрме (Австрия) – 2021 жылдың көктемі.
- Венаға сапар (Австрия) – 2021 жылдың көктемі.

Билбордтарға орнатылатын жұмыстарды ұйымдастыру комитеті таңдайды және анықтайды. Суреттер жақсы ажыратымдылықта және сапалы жұмыстардан таңдалады. Билбордтардың орналасуын және олардың санын ұйымдастыру комитеті жергілікті мемлекеттік органдармен бірлесіп анықтайды.

Көрмелерге арналған жұмыстарды ұйымдастыру комитеті өз қалауымен таңдайды және анықтайды. Суреттер түпнұсқа түрінде ұйымдастыру комитетінің электронды поштасына жіберілген жұмыстардан таңдалады.

Жеңімпаздар категориялары:

- I, II, III место в возрастной категории от 6 до 8 лет
- I, II, III место в возрастной категории от 9 до 11 лет
- I, II, III место в возрастной категории от 12 до 14 лет
- I, II, III место в возрастной категории от 15 до 17 лет

Жеңімпаздарды марапаттау:

Байқауға қатысып, жүлделі орындарға ие бола алмаған балалар электрондық пошта арқылы Байқауға қатысты деген электронды сертификаттар алады. Электрондық сертификатты әр бала өз бетімен басып шығаруы және толтыруы қажет.

II және III орындарға ие болған балаларға «Настоящий Буратино» сауда маркасының атынан бағалы сыйлықтар беріледі.

I орынға ие болған жеңімпаздар 2021 жылдың көктемінде Венада (Австрия) өтетін салтанатты марапаттау рәсіміне және көрмеге қатысады (әлемдегі жағдай тұрақталған жағдайда). Жеңімпаздарға сыйлықтарды байқаудың бас серіктесі – «EduStream» компаниясы ұсынып отыр.

Барлық жеңімпазға жеке диплом табысталады.



Байқау шарттары:

- Байқауға кез-келген көркемдік техникада (кескіндеме, графика, нақыштау және т.б.), аппликациялық, коллаждық, компьютерлік графикалық жұмыстар қабылданады.
- Кез келген материалмен жасалған жұмыстар (қарындаш, фломастер, акварель, гуашь, акрил және т.б.)
- Жұмыстың мөлшері А1, А2, А3, А4. Стандарт емес көлемдегі жұмыстар да қабылданады.
- Жұмыстың автор толықтай өзі жасаған түпнұсқа болуы қажет.
- Бір автордың бірден үшке дейін жұмыс қабылданады. Тақырыпқа сай эссе жазуға болады (бұл міндетті талап емес).
- Жұмыстарда автор туралы мәлімет болуы керек: аты-жөні, жасы, өңірі, қаласы / ауылы, телефон, электрондық пошта.
- Жұмыстар электронды түрде де, түпнұсқада да қабылданады (өз таңдауыңыз).
- **Электрондық нұсқадағы жұмыстарды** байқаудың www.alembala.kz ресми сайтына жүктеу қажет (сайтқа жұмыстарды жүктеу – жұмыстарды ұйымдастыру комитетіне жіберу болып саналады. Демек жұмыстар сайттың бетіне нақты жүктелмейді).
- **Жұмыстар түпнұсқа түрінде** мына пошталық мекен-жайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050026, Әуезов көшесі, 14а үй, "Балалар Әлемді Бейнелейді" Қоғамдық Қоры.

Бір немесе бірнеше шарттарға сәйкес келмейтін жұмыстар, сондай-ақ толық толтырылмаған өтінімдер байқауға жіберілмейді.

Жобаның 1 кезеңінің жеңімпаздары («Жануарлар менің достарым!» байқауы) – «Менің жасыл планетам» байқауына қатыса алады, бірақ 2-ші рет жеңімпаз бола алмайды.

Авторлық құқық:

Жұмыстар қайтарылмайды. Ұйымдастыру комитеті қоршаған ортаны қорғауды насихаттау мақсатында, сондай-ақ балалар мен жастардың шығармашылығын дамыту ниетінде туындыларды автордың келісімінсіз және қаламақы төлемей пайдалану құқығын өзінде қалдырады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Өтініштер мен жұмыс көлемінің көптігіне байланысты, өкінішке қарай, ұйымдастыру комитеті жеке сұраныстарға және байқауға қатысушыларға жеке жауап қайтара алмайды. Барлық қажетті ақпарат осы мәлімдемеде бар. Түсіністікпен қарауды сұраймыз!

Қосымша / жаңартылған ақпаратты, жаңалықтарды және басқа материалдарды байқаудың www.alembala.kz ресми сайтынан және төмендегі Instagram парақшаларында таба аласыз: конкурстың ұйымдастырушысы @drmfund.kz, серіктестер @edustream.kz және @miloserdie_dom.

